

**Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 14 қазандағы № 330 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 қарашада № 4736 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № 447 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 03.09.2018 № 447 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған .**

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабы 2) тармақшасына, 139 бабы 9 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабы 2 тармағына сәйкес, Глубокое ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі айқындалсын .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Глубокое ауданы әкімінің орынбасары А.П. Брагинецке жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Глубокое ауданы әкімінің  
міндетін атқарушы*

*А. Брагинец*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*Глубокое аудандық  
мәслихаттың хатшысы*

*А. Баймульдинов*

"17" қазан 2016 жыл

Глубокое ауданы әкімдігінің  
2016 жылғы 14 қазан № 330  
қаулысына қосымша

## **Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі**

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандарының лауазымдары:  
үйдегі әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушісі, бағалау және арнайы әлеуметтік қызмет қажеттіліктерін анықтайтын әлеуметтік жұмыс бойынша әлеуметтік қызметкер, күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер, әлеуметтік жұмыстың маманы, әлеуметтік жұмыс жөніндегі кеңесші.

2. Білім беру саласындағы мамандарының лауазымдары:  
мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының орынбасары, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы, қосымша білім беру мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы, әдістемелік кабинет меңгерушісі, шеберхана меңгерушісі, лагерь меңгерушісі, кітапхана меңгерушісі, музыка жетекшісі, көркемдік жетекші, барлық мамандағы мұғалімдер, оқытушы, педагог, педагог-психолог, қосымша білім педагогы, ұйымдастырушы педагог, әлеуметтік педагог, зертханашы, тәлімгер, тәрбиеші, әдіскер, хареограф, кітапханашы, шебер, концертмейстер, сүйемелдеуші, логопед, алғашқы әскери дайындық оқытушысы ұйымдастырушы, дене шынықтыру жөніндегі н ұ с қ а у ш ы с ы .

3. Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары:  
мемлекеттік мекеменің басшысы, мәдениет үйінің директоры, әдіскер, үйірме жетекшісі, музыка жетекшісі, көркемдік жетекші, сүйемелдеуші, хареограф, мәдени ұйымдастырушы, суретші, мұражай қорларын сақтаушы, кітапханашы, б и б л и о г р а ф .

4. Спорт саласындағы мамандарының лауазымдары:  
коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы, оқу ісі бойынша басшының орынбасары, әдіскер нұсқаушы, жаттықтырушы.

5. Ветеринария саласындағы мамандарының лауазымдары:  
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның басшысы және орынбасары, мал дәрігері, мал фельдшері, ветеринарлық фельдшер, ветеринарлық техник.